

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жеке кәсіпкерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 17 шілдедегі Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2009 жылғы 6 тамыздағы N 113-ө Өкімі

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жеке кәсіпкерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 17 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі - тізбе) б е к і т і л с і н .

2. М е м л е к е т т і к о р г а н д а р :

1) тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін;

2) тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді қабылдасын және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

Премьер-Министр

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 0 9

ж ы л ғ ы

6

т а м ы з д а ғ ы

N

1 1 3 - ө

ө к і м і м е н

бекітілген

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жеке кәсіпкерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 17 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

Р/с N	Нормативтік құқықтық актінің атауы	Актінің нысаны	Орындауға жауапты мемлекеттік орган	Орындау мерзімі
1	2	3	4	5
1.	Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес шағын кәсіпкерлік субъектілерінен сатып алынатын тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) номенклатурасын және олардың көлемдерін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ЭБЖМ (жинақтау), Қаржымині	2009 жылғы тамыз
2.	Сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі мемлекеттік уәкілетті органның сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы жергілікті атқарушы органдардың қызметін	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ҚТКША	

	бақылауды, мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын және лицензиялауды жүзеге асыру ережесін бекіту туралы			2009 жылғы тамыз
3.	Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ҚТКШИА	2009 жылғы тамыз
4.	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 мамырдағы N 477 және 2006 жылғы 2 маусымдағы N 496 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ЭБЖМ	2009 жылғы тамыз
5.	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 4 сәуірдегі N 327 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Қаржымині	2009 жылғы тамыз
6.	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 17 тамыздағы N 778 қаулысына толықтыру енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Әділетмині	2009 жылғы тамыз
7.	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 27 қыркүйектегі N 851 қаулысының күші жойылды деп тану туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ЕХӘҚМ	2009 жылғы тамыз
8.	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 6 мамырдағы N 425 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ҚТКШИА	2009 жылғы тамыз
9.	Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2006 жылғы 1 қыркүйектегі N 333 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы	Қаржыминінің бұйрығы	Қаржымині	2009 жылғы тамыз
10.	Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 30 желтоқсандағы N 645 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы	Қаржыминінің бұйрығы	Қаржымині	2009 жылғы тамыз

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ЭБЖМ - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

Қаржымині - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі

Әділетмині - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі

ЕХӘҚМ - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

ҚТКШИА - Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй- коммуналдық шаруашылық істері агенттігі